

Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2009 жылғы 9 қазандағы N 136 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Талдықорған қаласының әділет басқармасында 2009 жылы 12 қарашада N 2-1-105 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2013 жылғы 05 маусымдағы N 134 шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 05.06.2013 N 134 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422-бабының 2-тармағына сәйкес Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Кезекті</i>	<i>18</i>	<i>сессияның</i>
<i>төрағасы</i>	<i>Т. Ж. Ахажанов</i>		
	<i>Қалалық</i>	<i>мәслихаттың</i>	
<i>хатшысы</i>	<i>М. Д. Бопазов</i>		
Талдықорған	қалалық		мәслихаттың
2009	жылғы	9	қазандағы
"Талдықорған	қаласы		бойынша
бірыңғай	тіркелген		салық
ставкаларын			белгілеу
туралы "	N	136	шешіміне
қосымша			

Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

Рет	Талдықорған қаласы бойынша бірыңғай тіркелген салық
-----	---

N	Салық салу объектісінің атауы	ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	3
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4.	Ойын жолы	10
5.	Карт	3
6.	Бильярд үстелі	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ